

**8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша  
Каппасова Айгерим Шугаевнаның философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «БАҚ-тағы  
интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы»  
тақырыбындағы диссертациясына**

**ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Ізденуші Каппасова Айгерим Шугаевнаның «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» атты диссертациялық жұмысы қазіргі таңда ұлттық ақпарат кеңістігінде өзекті болып отырған интертекстуалдылық мәселесін кешенді және инновациялық әдіснама негізінде қарастыруымен ерекшеленеді. Ақпарат тасқыны күшейген жаһандану дәуірінде медиамәтіндердің тілдік табиғаты мен құрылымына терең бойлау – тек лингвистикалық қана емес, мәдени-әлеуметтік сұранысқа айналғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, диссертанттың жұмысы еліміздің филологиялық ғылымының өзекті бағыттарының бірі ретінде бағаланады.

Диссертациялық еңбекте интертекстуалдылық пен прецеденттілік құбылыстарының теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленіп, олардың отандық БАҚ мәтіндеріндегі көрініс табу ерекшеліктері нақты мысалдармен талданады. Автор аллюзия, реминисценция, прецедентті есімдер, прецедентті айтылым, прецедентті жағдай мен прецедентті мәтіндер сияқты интертекстуалды элементтердің типологиясын ұсынудан қатар, олардың прагматикалық-функционалдық аспектілерін де терең зерделеген. Уақыт өте келе бастапқы прагматикалық және интертекстуалды байланыстардан жоғары көтеріліп, дербес мәдени символ мәртебесіне ие болатынын дәлелдеп «прецедентті символ» ұғымын ұсынған. «Хатико», «Құлагер» прецедентті символдарын зерттеп, олардың мәдени маңызын, уақыт ағымындағы мәдени трансформацияларын, референттік ерекшеліктерін және семантикалық ассоциацияларын айқындаған. Ғылыми жұмыстың тағы бір ерекшелігі – жасанды интеллект технологияларын, соның ішінде Python бағдарламалау тілін қолдану арқылы прецедентті феномендерді автоматты анықтау және семантикалық интерпретациялау әдісінің жасалуы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы медиалингвистика, лингвомәдениеттану, мәтін лингвистикасы салаларының ғылыми әлеуетін арттыра түсіп, интердисциплинарлық зерттеулерге жол ашады. Автор тек теориямен шектелмей, тәжірибелік бағытта да маңызды ұсыныстар мен үлгілер ұсынған. Мәселен, ұлттық мәдени кодтарды анықтауда прецедентті символдардың репрезентативтік қызметін анықтау, қазақ тілді оқырман санасындағы интертекстуалды бірліктердің ұжымдық жадымен байланысын сипаттау – зерттеу жұмысының ғылыми ізденіс деңгейіне көтереді.



Диссертациялық жұмысы өзінің құрылымдық тұтастығы мен мазмұндық толықтығы арқылы қазіргі заманғы ғылыми талаптарға толықтай сәйкес келеді. Зерттеу мәтіні ғылыми стиль нормаларына сай құрастырылған, ондағы қолданылған терминологиялық база бірізділігімен және жүйелілігімен ерекшеленеді. Жұмыс барысында диссертант сандық, сапалық және сипаттамалы талдау әдістерін орынды пайдаланып, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз еткен. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу тұжырымдарының дәлдігі мен нанымдылығын арттырған.

Сонымен қатар, пайдаланылған әдеби және деректік материалдардың саны мен сапасы зерттеудің теориялық тереңдігін және әдістемелік дәйектілігін нақтылай түседі. Автор медиатекстерді интертекстуалдық аспектіде талдай отырып, қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін жаңаша қырынан зерделеген. Бұл диссертациялық жұмыс медиалингвистика мен прагмалингвистика шекарасында жүзеге асқан кешенді зерттеу ретінде құнды болып табылады.


Диссертациялық жұмыстағы тағы бір маңызды мәселе – отандық және әлемдік ғылыми әдебиеттің кең ауқымда қамтылуы. Автор Дж. Кристева, М. Бахтин, Г. Женетт, Ю.М. Лотман, В.В. Красных секілді беделді зерттеушілердің еңбектерін саралап, оларды қазақ медиамәтініндегі тілдік құбылыстармен салыстыра отырып талдайды. Бұл ғылыми кеңістіктегі сабақтастық пен диалог орнатуға ықпал етеді. Сонымен қатар, диссертацияда қазақ тіліндегі газет мәтіндерімен қатар, орыс және ағылшын тілді материалдарды да талдау нысаны ретінде қолдану жұмыстың көкжиегін кеңейтіп, оның универсалдылығын арттырады.

Жалпы алғанда, зерттеудің теориялық жаңалығы, әдіснамалық негіздемесі және практикалық құндылығы жоғары. Қорғалуға ұсынылып отырған диссертация медиамәтіндерді интертекстуалдық талдау бағытын ілгерілетіп, қазақ лингвистикасы саласындағы жаңа ғылыми бағыттардың дамуына үлес қосады. Жұмыстың зерттеу нәтижелері болашақта қолданбалы жобалар мен академиялық курстарда тиімді пайдалануға болады.

Тұжырымдай айтқанда, 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» тақырыбындағы Каппасова Айгерим Шугаевнаның зерттеу жұмысын философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Хаджи Байрам Вели университеті,  
«Қазіргі Түрік диалектілері мен әдебиеттері»  
бөлімінің профессоры,  
PhD доктор (Түркия, Анкара)



**Саваш Шахин**